Бөлім:	1-бөлім: Дананың сөзі – ақылдың көзі		
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты :	Халбаева Д.М.		
Күні:	02.09.2026		
Сынып: 8В	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	Қорқыт туралы аңыз-әңгімелер		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	8.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану.		
Сабақтың мақсаты	Көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдана алады.		

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басталуы 5 минут	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. 1.Психологиялық ахуал қалыптастыру **«Гүлмен тілек»** Гүлді алақанға ұстап тұрып, бір-бірлеріне ізгі тілек айтыңдар және гүлдің артында жазылған Қорқыттың нақыл сөздерін құрастыру арқылы топқа бөлініңдер. 1. Жақсы ана үшін бала – екі көздің сынары. 2. Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ. **(сергіту және топқа біріктіру)** 2.Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатымен таныстыру; **Ой шақыру** Қорқыт ата туралы не білесіңдер? Қорқыт кім? Сызбаның алғашқы бөлігіне білетін ақпараттарыңды жазыңдар. Екінші бөлігіне не үйренгілерің келетіндігі жөнінде ой толғаңдар. **Тақырыптық ақпарат 6-10-бет** Қорқыт Ата кітабының екі нұсқасы бар. Оның бірі - Дрезден (Германия) нұсқасы. Екіншісі – Ватикан (Италия) нұсқасы	**Психологиялық ахуал** Оқушылар арнайы дайындалып келген гүлді алақандарына салып тұрып, бір-біріне тілек тілейді және гүлдің артына жазылған Қорқыттың нақыл сөздерін құрастыру арқылы үш топқа бөлінеді. Қорқыт туралы не білетіндіктерін топтастыру әдісі арқылы жинақтайды.	Талқылау кезінде оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқарастары ***ауызша мадақтау*** арқылы бағаланып, сабақтың келесі кезеңінде белсенді қатысуына ынталандырады *Жарайсың!* *Керемет шешім!* *Ойлы шешім!* *Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін!*	Оқулық 8-сынып «Мектеп» баспасы 2018жыл Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы 8-сынып

Білемін	Білгім келеді	Үйренгенім

Сабақтың ортасы 35 минут				

	Жырды зерттеушілер: В.Бартольд, Ш. Уәлиханов, Ә.Диваев, В.ирмунский. Х.Көрұғлы, Ә.Марғұлан. т.б Ел аузында Қорқыт туралы аңыз-әңгімелер көп сақталған. Ертегі, дастан түрінде де кездеседі. Олардың қатарына ***«Кор қыттың өлімге қарсы тұруы», «Қорқыттың өлімі», «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны», «Қорқыт және қырық қыз»*** және т.б. жатады Қорқыт туралы аңыздар ***«Қорқыт ата кіта бы»*** деп аталатын әдеби мұрада жинақ талған. Он екі жырдан тұратын «Қорқыт ата кі табында» туған жерін, Отанын сыртқы жаулардан қорғау үшін қан майданға шыққан алыптардың ерлігі жырла нады. «Қорқыт ата» кіта бын дағы он екі жыр «Дерсеханұлы Бұқаш туралы жыр» «Қазан Салардың ауылын жау шапқаны туралы жыр», «Байбө рі ба ласы Бамсы Байрақ туралы жыр», «Қазан баласы Ораздың жауға тұтқын болуы», «Ержүрек Домрул батыр», «Қаңлы оғыз ба ласы Қан Төрәлі», «Қазылық оғыз баласы Игенек», «Төбе көз дәуді өлтірген Бисат», «Бекілұлы Әмран», «Ұшан оғыз баласы Секі рек», «Қазан Салардың екіншілей жауға тұтқын болуы», «Сыртқы оғыздардың ішкі оғыздарға қарсы бас көтеруі» атты тақырыптарды қамтиды **1-тапсырма.** «Ел аузында Қорқыт туралы аңыз-әңгімелер көп сақталған. Ертегі, дастан түрінде де кездеседі. Қорқыт туралы аңыздар ***«Қорқыт ата кітабы»*** деп аталатын әдеби мұрада жинақ талған. Он екі жырдан тұратын «Қорқыт ата кі табында» туған жерін, Отанын сыртқы жаулардан қорғау үшін қан майданға шыққан алыптардың ерлігі жырланады. «Қорқыт ата» кітабындағы он екі жыр «Дерсеханұлы Бұқаш туралы жыр»,	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын жеткізеді.	Дескриптор Білім алушы *-автор шеберлігіне қатысты өз көзқарасын білдіреді,* *- ойын дәлелдеу үшін үзінділерді қолданады,* *- сөздің мағынасын ашады,* *-ойын жүйелі талдайды* ***Бағалау*** *«Жапондық бағалау» әдісі бойынша үш топ бірін-бірі бағалайды. Осы бағалау арқылы келесі өзгелердің жауаптарымен келісетін тұстарын, толықтыруға қатысты өз көзқарастарын, өздерінің қоятын сұрақтарын жеткізеді.*   	Оқулық 8-сынып «Мектеп» баспасы 2018жыл

	«Қазан Салардың ауылын жау шапқаны туралы жыр», «Байбөрі ба ласы Бамсы Байрақ туралы жыр», «Қазан баласы Ораздың жауға тұтқын болуы», «Ержүрек Домрул батыр», «Қаңлы оғыз баласы Қан Төрәлі», «Қазылық оғыз баласы Игенек», «Төбе көз дәуді өлтірген Бисат», «Бекілұлы Әмран», «Ұшан оғыз баласы Секірек», «Қазан Салардың екіншілей жауға тұтқын болуы», «Сыртқы оғыздардың ішкі оғыздарға қарсы бас көтеруі» атты тақырыптарды қамтиды» деген ойды өрбітіп жазыңыз. Өз көзқарасыңызды дәлелдеуде үзінділерді қолданыңыз. **3-тапсырма** *Сұрақтарға жауап беріңіз* 1.Қорқыт ата туралы не білдіңдер? Қорқыт кім? 2. «Қорқыт ата кітабы» қандай жырлардан тұрады? 3. «Қорқыт ата кітабын» зерттеген қандай қазақстандық галымдарды білесіңдер? 4. «Қорқыт ата кітабына» енген жырлар мазмұны қандай? 5. «Қорқыт ата кітабы» қандай жыр лардан тұрады? 6. «Қорқыт ата кітабын» зерттеген қандай қазақстандық ғалымдарды бі лесіңдер? 7. «Қорқыт ата кітабына» енген жыр лар мазмұны қандай?	Ойды өрбітіп жазады. Өз көзқарастарын дәлелдеуде үзінділерді қолданады. Сұрақтарға жауап береді		
Сабақтың соңы 5 минут	**Үйге тапсырма:**Қорқыт туралы қосымша ақпарат жинау **Қорытындылау** Сызбаның үшіні бөлігіне білетін ақпараттарыңды жазыңдар. Үшінші бөлігіне не үйрендіңдер. Ойтолғандар. Білемін / Білгім келеді / Үйренгенім	Сызбаның үшінші бөлігіне не үйренгеніңді жазады. «Плюс-минус-қызықты» әдісі бойынша реялексия жасайды.	Дескриптор Білім алушы -сұраққа жауап береді, -не үйренгеніңді қалайды	

«Плюс-минус-қызықты» әдісі


Оқушыларға сабақ соңында кестені толтыру ұсынылады: **П(+), М(-), Қ (қызықты).**

- ***«П»-«плюс»*** бағанына сабақта үнаған нәрсе жазылады: ақпарат, жұмыс түрлері, т.с.с.
- ***«М»-«минус»*** бағанына сабақтың ұнамаған немесе түсініксіз сәттері, оқушы пікірі бойынша оған ешқандай қажеттілігі жоқ ақпарат жазылады.
- ***«Қ»-«қызықты»*** бағанына оқушылар сабақта естіген қызықты мәліметтерді жазады, оған қоса тақырып бойынша білгісі келетін мәселелер бойынша мұғалімге сұрақтар жазуға болады.




Бөлім:	**1-бөлім: «Дананың сөзі- ақылдың көзі»**	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты :	Халбаева Д.М.	
Күні:	**04.09.2026**	
Сынып: 8В	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Байбөрі баласы Бәмсі-Байрақ туралы жыр	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	8.1.2.1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; 8.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (**психологиялық параллелизм**, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау;	
Сабақтың мақсаты	Шығарма идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашады. Көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдап, автор стилін анықтай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басталуы 5 минут	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал «Жақсылық тамшысы» Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатымен таныстыру; **Миға шабуыл** 1. «Қорқыт Ата» кітабы неше жырдан тұрады? 2.Жырдың идеясы неде? 3.Байбөрі Бек неге жылай ды? 4. Байбөрі Бек көпестерін қандай мақсатпен сапарға жібереді? 3.Жырда қандай ұлттық сал-дәстүрлер айтылады? **1-тапсырма** Бамсы Байраққа қандай қасиеттер тән? «Топтастыру» стратегиясы арқылы көрсет.	**Психологиялық ахуал** «Жақсылық тамшысы» Әр бала тамшыға өзі жасаған жақсы істерін немесе өзінің бойындағы жақсы қасиеттерін стикерге жазып жеткізеді. Іліп жатқанда әрқайсысы өзгелерге, айналасына өзі жасаған жақсылықтарын, қасиеттерін жария етеді. Сұрақтарға жауап береді «Топтастыру» стратегиясы арқылы Бамсы Байраққа қандай қасиеттер тән екенін көрсетеді.	**Ауызша мадақтау арқылы бағалау** *Жарайсың!* *Тамаша!* *Керемет!*   Дескриптор	Оқулық 8-сынып «Мектеп» баспасы 2018жыл ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР ҚОРЖЫНЫНАН ЕСБОСЫН НАҒИША ҚОЖАҚ ҚЫЗЫ
Сабақтың ортасы 35 минут	 **2-тапсырма** **Жұптық жұмыс** **1-жұп** 1. Берілген үзінді идеясының ұлттық ерекшелігін талдап жазыңыз.			

	*Сонда бүкіл оғыз елінің тірегі, Баяндүр ханның күйеу баласы Қазан-Салор тізерлеп отырып, Байбөрі бекке үңіле қарады да: «О, Байбөрі бек, мұнша неге қайғырасың?» – деп сұрады. «Хан Қазан, қалай жылап, қайғырмаспын? Басына менің тәжімді киер ұл жоқ. Өкшемді басар іні жоқ. Мен құдайдың қарғысына ұшыраған жан болдым. О, бектерім, мен өзімнің тәжім мен тағымның қамын жеп қайғырып отырмын. Күнім жетсе, бір күні өлемін. Өле қалсам, орныма, үйіме кім ие болмақ?» – деді Байбөрі. «Бар тілегің сол ма?» – деді Қазан. Байбөрі оған: «Иә, бар тілегім сол, менің де ұлым болып, ол Баяндүр ханның алдында қызмет істеп тұрса, соны көріп мен де қуанышты болар едім, қайғым кетіп, мақтанар едім», – деді. Бұл сөзді есіткенде барлық оғыз елінің бектері қолдарын жайып, жүздерін көкке жая жалбарынып, «Тәңірі саған ұл берсін», – депті. Ол заманда бектердің алғысы да, қарғысы да қате кетпей, дұғасы қабыл болушы еді. Сол кезде перзентсіз Байбіжан орнынан тұрып: «Бектер, маған да бір тілек бата беріңдер, тәңірі маған да бір қыз берсе екен», – деді. Барлық оғыз елі қол жайып, оған да дұға оқыды. «Тәңірі жарылқаса, сен де қызды боларсың», – десті. «О, бектер, егер Көк Тәңірі маған қыз беретін болса, оны мен Байбөрінің баласына бесікте жатқанда қоссам деймін, осыған сіздер куәлік етіңіздер», – деді. **2-жұп.** Үзіндіден көркемдегіш құралдарды тауып, қолданысын талдаңыз *Мысалы:* Баяндүр хан - тұрақты эпитет. Осы тұрақты эпитет арқылы Баяндүрдің ел басқарған, хан екенін танытады **3-жұп.** Жырдан мысал келтіре отырып, Қорқыт ата жырының батамен аяқталу себебін түсіндіріңдер. **3-тапсырма** Жырдан көркемдегіш құралдарды тауып, қолданысын талдаңыз. Автордың стилін ажыратыңыз	Үзінді идеясының ұлттық ерекшелігін талдап жазады. Жырдан мысал келтіре отырып, Қорқыт ата жырының батамен аяқталу себебін түсіндіреді. «Байборі баласы Бамсы-Байрақ туралы жырдан	Білім алушы -шығарманың идеясын ашады -ұлттық мүдде тұрғысынан талдайды; - ойын жүйелі жазады -көркемдегіш құралдарды табады. -қолданысына талдау жасайды -автор стилін ажыратады. -жырдың батамен аяқталу себебін түсіндіреді. *Медальон арқылы бағалау* 	Оқулық 8-сынып «Мектеп» баспасы 2018жыл

	Үлгі: Көркемдегіш құрал / Шығармадан мысал / Автор стилі Эпитет / Байбөрі бек / Тұрақты эпитет «бек» сөзі арқылы Байбөрінің тегін, болмы сын танытады. Идиомалық тіркестер / көкірегі қарс айырылды / Ауыспалы мағынадағы сөздер / Теңеу / Метафора / **4-тапсырма** **«Броундық қозғалыс» әдісі** Сынып ішінде поэмада өздеріне мағынасы беймәлім сөздер мен олардың анықтамалары орналасқан. Сол сөздердің анықтамасын іздеп, ақпарат жинаңдар. **Сөздікпен жұмыс** **Әулие**– көріпкел, алдағыны болжағыш, адал, рухани таза адам. **Гәуірлер** -1) *көне сөз*: кәпір деген; 2) ауыспалы мағынада ұрсу сөзі **Жәдігер** – а)жақсының көзі, тұяғы ә) ескерткіш, ғимарат, мұра **Мүсәпір** - жоқшылық, кемтаршылық зардабын көп тартқан, өмірден таршылық, көрген, бейшара күйге түскен адам.	көркемдегіш құралдарды табады, қолданысын талдайды. Автордың стилін ажыратады. Сынып ішіне тақырыпқа қатысты сөздер мен оның анықтамалары орналастырылады. Оқушылар бүкіл сынып ішінде қозғала жүріп, берілген тақырып бойынша ақпарат жинайды. «СМС» арқылы төмендегі сөздердің біреуін алып, рефлексия жасайды. 1. Сабақтан бірақ ақпарат алдым. Мен үшін пайдалы болды. 2. Мен толық түсінбедім. Сұрақтарым бар. 3.Мен мүлде түсінбедім. Көмек қажет.	Дескриптор Білім алушы -көркемдегіш құралдарды анықтайды, -шығармадан мысал келтіреді, -автор стилін ажыратады. Дескриптор Білім алушы -сөздердің анықтамасын іздейді, -ақпарат жинақтайды.	
Сабақтың соңы 5 минут					

	Болысу - көмектесу, жәрдемдесу, қол ұшын беру Жұрым – *көне сөз:* жұлын, өмір. *Бұл жерде:* «жұрымын берсін» сөзі өмір берсін, ғұмырың ұзақ болсын деген. Үйге тапсырма: 4-тапсырма **Рефлексия** **Кері байланыс «СМС»** 			

Бөлім:	1-бөлім: Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы Орфография	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты :	Халбаева Д.М.	
Күні:	03.09.2026	
Сынып: 8В	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Көне руника жазуы	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	8.1.1.1 - мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау; 8.4.1.1 - тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу	
Сабақтың мақсаты	Мәтін үзінділері бойынша болжам жасап, көтерілетін мәселені болжай алады, тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жаза алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басталуы 5 минут	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. 1.Психологиялық ахуал қалыптастыру «Жүректі тазарту» тренингі 2.Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатымен таныстыру; **Ой шақыру** Суреттерге назар аударайық.  Осы сурет арқылы бүгінгі сабақ не туралы болуы мүмкін? Болжам жасап көрейік. Тақырыпты анықтағаннан кейін, тақырыпқа қатысты не білеміз? Ақпараттарымызды жинақтап, кестенің сол бөлігін толтырыңдар. **«Борт журналы»** Берілген тақырып бойынша маған не белгілі? Мен не білемін? / Мәтіннен қандай жаңалық туралы білдім? «Түркі бектері мен халқы, мұны естіңдер! Қандай сөздерім бар болса, соларды мәңгі тасқа жаздырдым. Оларды көріңдер, ұғыңдар», -деген Күлтегін сөзінен қандай ой түюге болады? **1-тапсырма**.	**Психологиялық ахуал** «Жүректі тазарту» тренингі арқылы жағымсыз көңіл күйден арылып, тазарған жүрекпен,көтеріңкі көңіл күймен сабақ бастайды. «Борт журналы» әдісі арқылы кестенің сол жағына тақырыпқа қатысты білетін ақпараттарын жазып, сыныптастарына оқып береді. Берілген сұрақтар тапсырмалар бойынша оқушы мәтіннің алғашқы бөлігін тыңдау арқылы	Талқылау кезінде оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқарастары ***ауызша мадақтау*** арқылы бағаланып, сабақтың келесі кезеңінде белсенді қатысуына ынталандырады *Жарайсың!* *Керемет шешім!* *Ойлы шешім!* *Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін!* Дескриптор Білім алушы	Оқулық 8-сынып «Мектеп» баспасы 2018жыл ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР ҚОРЖЫНЫНАН ЕСБОСЫН НАҒИШАҚОЖАҚҚЫЗЫ Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы 8-сынып

	1. Мәтін үзіндісін мұқият тыңдаңдар. Түркі руникалық жазба ескерткіштері арқылы қазіргі түрік халықтарының көне тілін, тарихын, этногенезін, географиясын, рухани мәдениетін, жазба дәстүрін, әдет-ғұрыптары мен дүниетанымын білуге болады. Түркі руникалық жазба ескерткіштері табылған аймақтарға Сібірдегі Енисей, Лена өзендерінің аңғарлары, Моңголиядағы Орхон, Онгин, Селенга өзендерінің алқабы, Орта Азия мен Қазақстандағы Талас пен Сыр бойы, Ертіс пен Іле қойнауы жатады. ***Мәтінде ары қарай не айтылуы мүмкін? Қандай мәселе көтерілуі мүмкін?*** **2.Мәтін жалғасын тыңдаңыз.** Орыс этнограф-ғалымы Н.М. Ядринцев 1889 ж. Моңғолиядағы Орхон өзенінің құйылысынан қос тілдік жазуы бар ерекше үлкен екі тас тапты. Кейіннен біреуі Білге қағанға (735 ж.), екіншісі оның інісі Күлтегінге (732 ж.) қойылғаны белгілі болып, мазмұны толық анықталды. Бұл ескерткіштердің бір қырына Қытай иероглифтері ойылған, ал үш қырына ойылған жазу таңбалары “Сібір руналарына”, Енисей бойынан табылған жұмбақ жазуларға ұқсас (бұл жазулар сыртқы көрінісі жағынан Скандинавия руналарына біршама ұқсас болғандықтан “руникалық” немесе “руна тәріздес” деп те аталды). Финн және орыс ғалымдары жүргізген арнаулы зерттеулер нәтижесінде Орхон және Енисей ескерткіштерінің нұсқалары (фотосурет, эстампаж) жинақталып жарияланған атластар жарық көрді. Сайып келгенде, Дания лингвисі В. Томсен 1893 ж. түркі руникалық (Орхон-Енисей) таңбаларының дыбыстық мағыналарын негізінен дұрыс анықтап, акад. В.В. Радлов 1894 жылдың қаңтарында көне түркі тілінде жазылған Күлтегін ескерткішіндегі руникалық жазудың тұңғыш аудармасын берді (қ. *Күлтегін жазуы*). Ғылымда ашылған бұл жаңалық – тіл білімінің тарихи салыстырмалы бағытын белгілеп, түркітану ғылымын жүйеге келтіру ісінде мықты қазық болды. Мұнан кейін түркі руникалық жазба	көтерілетін мәселеге қатысты болжам жасайды. Тыңдалған мәтін бойынша көтерілген мәселені болжап, негізгі ойды анықтайды.	*- мазмұны бойынша өз болжамын айтады;* *- мәтін тыңдау барысында өз болжамын қатыстырып, пікір жазады;* *- өз көзқарасын жеткізеді;* *-сұрақтарға жауап береді;* *-сыни тұрғыдан өз ойларын тұжырымдап,баға береді.* Дескриптор Білім алушы *- Күрделі жалқы есімдерді анықтайды-2 балл* *- бас әріппен жазылатын күрделі жалқы есімдерді орфография лық нормаға сай жазады-2 балл* *-көтерілген мәселені анықтайды-1 балл* *- көтерілген мәселе негізінде өз пікірлерін 4-5 сөйлеммен жеткізеді-5 балл*	Оқулық 8-сынып «Мектеп» баспасы 2018жыл

	ескерткіштері тек тастарға ғана қашалмағандығы, металл (алтын, күміс, қола) және саз балшықтан жасалған түрлі бұйымдарға ойып жазылғандығы да айқындала түсті. Моңғолиядағы, Сібір мен Азиядағы айқындалған түркі руникалық ойма жазуларының жалпы саны әзірше екі жүзге жуық. 20 ғ-дың бас кезінде Шығыс Түркістандағы түркі руникалық жазуының шамандық, манихейлік, буддалық дін және заң мазмұнында қағазға жазылған нұсқалары (8–10 ғ-лар) айқындалды. 1932 ж. Талас алқабынан ағаш таяқшаға ойылған руникалық жұмбақ жазу табылды. С.Е. Малов, Х.Н. Оркун, А.М. Щербак, т.б. таяқшалардағы жазудың түркі руникалық таңбаларымен ұқсастығын көрсетіп, оны көне түркі тілінде оқып көрді. ***Өз жауабыңызбен салыстырыңыз. Шын мәнінде, мәтінде қандай мәселе көтерілді?*** **3.Мәтін жалғасын тыңдаңыз.** Сыр бойында (Оңтүстік Қазақстан обл.) ескі кенттердің орнынан табылған саз балшықтан күйдірілген дөңгелек алқа, құмыра сияқты ойылған руникалық жазулар белгілі болды. Ертіс өңірінен екі қола айнадағы руникалық ойма жазудың бірін А.Н. *Бернштам* 1948 ж. жариялады. Түркі руникалық жазба ескерткіштері тілін зерттеп, зор үлес қосқан ғалымдар – Томсен, Радлов, П.М. Мелиоранский, В.Банг, Г.И. Рамстед, А.Габэн, С.Е. Малов, В.М. Насилов, И.А. Батманов, А.Н. Кононов, Дж.Клоусон, Т.Текин, т.б **Сіздіңше, мәселенің шешімі қандай болды?** Сұрақтарға жауап беріңіз. 1.Түркі руникалық жазба ескерткіштері қанадай аймақтардан табылды? 2. Ең алғаш руникалық жазуды оқыған кім? 3. Түркі руникалық жазба ескерткіштерін зерттеген қандай ғалымдарды білесің? Тілдік бағдар **Күрделі жалқы есімдер** **2-тапсырма.** Тыңдалған мәтіннен көтерілген мәселе негізінде күрделі жалқы есімдерді отырып, **«DEAL» әдісі** арқылы өз пікіріңізді жазыңыз.	***Күрделі жалқы есімдер*** туралы тілдік бағдар алады. Тыңдалған мәтіннен көтерілген мәселе негізінде күрделі жалқы есімдерді қатыстыра отырып, өз пікірлерін жазады. ***Үлгі:*** *Сыр бойы, Орта Азия, Шығыс Түркістан, Оңтүстік Қазақстант.б*	***Дарабоз*** 1) сабаққа қатысуы; 2) оған даярлығы; 3) тапсырманы орындауы; 4) өзіндік жұмысы; 5) ынтасы; 6) сабақтағы жауабы.	

	D – Describe – баяндау, суреттеу (оқыганды, көргенді сипаттау, сынау, өлшеу). E – Explain – түсіндіру (құбылыс немесе оқиға бойынша не білетіндерін, түсінгендерін суреттеу). A – Anallyse – талдау (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау). L – Links – байланыс (болжамдар немесе қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру) **ЕББҚ оқушыға тапсырма** Берілген сөйлемдерді дәптерге көшіріп, жалқы есімдердің астын сыз. *Көне түркі жазуының ескерткіштері Орталық Азия аумағынан көп табылған. Олардың ішіндегі ең белгілісі Солтүстік Моңголия жеріндегі Орхон, Селенга, Толы өзендерінің бойынан табылған тастағы жазулар. Бұл тастарда түркілердің атақты билеушісі мен ақылгөйлері – Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк құрметіне арналып жазылған руна жазулары сақталған. Ал Қазақстан аумағында Талас, Іле өзендерінің аңғарынан да көне түркі жазуының ескерткіштері табылған.* **3-тапсырма** Берілген сөйлемге фонетикалық талдау жасаңдар *Көне түркі жазуының ескерткіштері Орталық Азия аумағынан көп табылған. Олардың ішіндегі ең белгілісі Солтүстік Моңголия жеріндегі Орхон, Селенга, Толы өзендерінің бойынан табылған тастағы жазулар.* **Қорытындылау** «Борт журналы» арқылы бүгін не үйренгендеріңді, алған білімдеріңді кестенің оң жақ бөлігіне жазыңдар.	«Борт журналы» арқылы бүгін не үйренгендерін кестенің оң жақ бөлігіне жазыңдар.		
Сабақтың аяқталуы 5 минут	**«Борт журналы»** Берілген тақырып бойынша маған не белгілі? Мен не білемін? | Мәтіннен қандай жаңалық туралы білдім? | | **Үйге тапсырма:** Түркі жазба ескерткіштеріне қатысты қосымша деректер жинақтау **Рефлексия**	Мұғалім ұсынған стикерге шартты белгілер арқылы оқушылар өздерінің белсенділігі мен сабақтағы әрекетін бағалайды.		

	৯১। অগ্রহায়ণ মাসের দ্বিতীয় রবিবার কয়টায় শুরু হয়? ৯২। অগ্রহায়ণ মাসের কয়টায় বন্ধ হয়? ৯৩। ঐ মাসের মাঝামাঝি দ্বিতীয় কয়টায় শুরু হয়? ৯৪। ঐ মাসের মাঝামাঝি কয়টায় বন্ধ হয়? ৯৫। কয়টায় ছিপাই হয়?			

Бөлім:	1-бөлім: Дананың сөзі – ақылдың көзі	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты :	Халбаева Д.М.	
Күні:	10.09.2026	
Сынып: 8В	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Бәмсі – Байрақтың алғашқы ерлігі.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	8.1.2.1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; 8.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау;	
Сабақтың мақсаты	Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан аша алады; Шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басталуы 5 минут	1. Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық көңіл күй тудыру «Жақсылық тамшысы» мағынасын түсіндіру. 2.Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатымен таныстыру; **1-тапсырма** 1. Қалай ойлайсыңдар, жырда Қорқыт ата бейнесі қалай көрініс табады (ақылгөй, дана, күйші)? 2) Жырдан мысал келтіре отырып, Қорқыт ата жырының батамен аяқталу себебін түсіндіріңдер. **2-тапсырма** **«Автор орындығы» әдісі** Шығармадағы кейіпкерлерден адам бойында кездесетін жақсы қасиеттер туралы өз ойларыңды баяндап беріңдер. **3-тапсырма** «Байбөрі баласы Бәмсі-Байрақ туралы» жырдың пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашып жазыңыз.	**Психологиялық ахуал** «Жақсылық тамшысы» Әр бала тамшыға өзі жасаған жақсы істерін немесе өзінің бойындағы жақсы қасиеттерін стикерге жазып жеткізеді. Іліп жатқанда әрқайсысы өзгелерге, айналасына өзі жасаған жақсылықтарын, қасиеттерін жария етеді. Қорқыттың нақыл сөздері арқылы топқа бөлінеді. Әр топ өздеріне берілген нақыл сөздердің мағынасын түсіндіреді.	Талқылау кезінде оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқарастары ***ауызша мадақтау*** арқылы бағаланып, сабақтың келесі кезеңінде белсенді қатысуына ынталандырады *Жарайсың!* *Керемет шешім!* *Ойлы шешім!* *Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін!* 	Оқулық 8-сынып «Мектеп» баспасы 2018жыл Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы 8-сынып ОҚЫТУДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР ҚОРЖЫНЫНАН ЕСБОСЫН
Сабақтың ортасы 35 минут				

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
«Екі жақты күнделік»
<table>
<tr><td>Жырдан үзінділер</td><td>Мағынасы, идеясы мен пафосы</td></tr>
<tr><td>Басына менің тәжімді киер ұл жоқ. Өкшемді басар іні жоқ.</td><td></td></tr>
<tr><td>Барлық оғыз елі қол жайып, оған да дұға оқыды</td><td></td></tr>
<tr><td>Сол тойға менің атам Қорқыт келіп, балаға ат қойды.</td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>«Екі жақты күнделік» әдісі арқылы Шығармадан үзінді жазады. Үзінділерді идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашып жазады. Талдайды.</td>
<td>Дескриптор
Білім алушы
-шығармадан үзінді келтіреді,
- идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан айқындайды.</td>
<td>НАҒИША ҚОЖАҚ ҚЫЗЫ

Оқулық 8-сынып «Мектеп» баспасы 2018жыл</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың аяқталуы
5 минут</td>
<td>
Үйге тапсырма:
4-тапсырма
Шығармадан көркемдегіш құралдарды тауып, қолданысын талдаңыз. Автордың стилін ажыратыңыз
Үлгі:
<table>
<tr><td>Көркемдегіш құрал</td><td>Шығармадан мысал</td><td>Автор стилі</td></tr>
<tr><td>Эпитет</td><td>Баяндұрхан, Байбөрібек – тұрақты эпитет. Қара жер, ақ шатыр, қара сай</td><td></td></tr>
<tr><td>Метафора</td><td>Оғыз елінің тірегі</td><td></td></tr>
<tr><td>Теңеу</td><td>Қырғидай тиді</td><td></td></tr>
<tr><td>Метонимия</td><td>Бас құрап</td><td></td></tr>
<tr><td>Психологиялық параллелизм</td><td>Қайғым кетіп мақтанар едім</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Оқушылар бүгін сабақтан пайдалы не алғанын, не қиын болғанын, алдағы уақытта не істеуге</td>
<td>Дескриптор
Білім алушы
-көркемдегіш құрал түрлерін анықтайды,
-мысал келтіреді,
-автор стилін ажыратады.

Барлық тапсырмалар асық арқылы бағаланады.

Алшы –
(9-10 балл)


Тәйке
(7-8 балл)


Бүге (бүк) –
(4-6 балл)</td>
<td></td>
</tr>
</table>

	Рефлексия Алшы - Сабақтан өзіңе пайдалы не алдың? Тәйке – Сабақта не қиын болды? Бүк – Сабақта нені басқаша өзгертуге болады деп ойлайсың? Шік – Бүгінгі сабақтан үйренгенің бойынша алда не істеймін деп ойлайсың?	болатындығы жөнінде рефлексия жасайды.	 ***Шіге** (шік) – (1-4 балл)* 	

Бөлім:	**1-бөлім:** **КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ**	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты:	Халбаева Д.М.	
Күні:	14.09.26	
Сынып: 8В	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Араб графикасына негізделген қазақ жазуы	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	8.2.2.1 - публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; 8.3.5.1 - оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация) жазу 8.4.1.1 - тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу.	
Сабақтың мақсаты	Публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы ажырата алады. Мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін жаза алады. Тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жаза алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басталуы 5 минут	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал «Мотивация» Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатымен таныстыру; **Қызығушылықты ояту** «Ахмет Байтұрсынұлы. Төте жазу. Қазақ әліпбиі» тақырыбында бейнесюжет көру. https://youtu.be/wnQlMwK6MZw **1 -тапсырма.** **Топтық жұмыс** Мәтінді мұқият оқыңдар. **А.** Мәтіннің құрылымдық, жанрлық ерекшеліктеріне талдау жасаңдар. **Ә.** Мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация жазыңдар.	Психологиялық ахуал «Мотивация» Қатысушылар 2 шеңберге бөлінеді. Ішкі шеңбердегілер қарсы тұрғандарға жеке қасиеттері, дағды, тұлғалары, мінез-құлқы, өздерін ұстауы т.с.с. комплимент айтады. Тыңдаған қатысушы: «Рақмет, мен де солай ойлаймын. Сонымен қоса мен кестені жақсы тіге аламын» деген секілді өз бейімділігі мен ерекшелігін қосып отыру керек. Бұл оқушылардың өздеріне деген сенімдерін арттырып, жаңа жұмысты құлшына атқаруға кірісуге мотивация болады Мәтін мазмұны: ежелгі қазақтың жазуы мен тарихы жайында жазылған. Стилі - публицистикалық Жанры: мақала Жинақы мәтін: Үлгі *Араб әліпбиі негізіндегі ескі жазба қазақ даласында XV ғасырдан XX ғасырға дейінгі аралықта қызмет етті. Ол сол кездегі хандықтың іс-қағаздарында, дипломатиялық бірегейлік мақсатында қолданысты болды. Бұл жазуға*	**Ауызша мадақтау арқылы бағалау** *Жарайсың!* *Тамаша!* *Керемет!* ТАМАША! ЖАРАЙСЫҢ! Дескриптор Білім алушы *- мәтіннің жанрын ажыратады ;* *-мәтіннің ресімделуін анықтайды;* *-жанрлық ерекшелігін анықтайды;*	Оқулық 8-сынып «Мектеп» баспасы 2018жыл ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР ҚОРЖЫНЫНАН ЕСБОСЫН НАҒИША ҚОЖАҚҚЫЗЫ

Формасы	
Мәтін түрі	
Стилі	
Жанры	
Аудиториясы	
Мақсаты	
Мазмұны	
Тілі	

Сабақтың соңы 5 минут	**Жинақы мәтін жазуға арналған кеңес:** *1. Мәтінді мұқият оқып, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтаңдар.* *Қосымша ақпараттарды сызып тастаңдар.* *2. Негізгі ойды білдіретін тірек сөздерді, сөйлемдерді белгілеңдер.* *3. Автор ойын, баяндау желісін сақтай отырып, мәтіндегі негізгі ойды ықшамдаңдар.* *4. Кей сөздерді синонимдерімен алмастырыңдар.* **ЕББҚ оқушыға тапсырма** Күрделі сөздерді қатыстыра отырып, шағын мәтін жаз. *Араб әліпбиі, ескі жазба тіл, сөйлеу тілі, Қазақ хандығы, сөйлеу тілі, жалпыхалықтық, емле жүйесі* **Тілдік бағдар** **Қысқарған жалқы есімдер** **5-тапсырма** Берілген жалқы есімдерді құрылымына қарай топтастырып, кестені толтырыңдар. **Үйге тапсырма: 2 -тапсырма** «Шығу парағын» толтыр. • Бүгінгі сабақтан не білдің, бұрын қандай мәлімет білетін едің? • Бас әріппен жазылатын қандай күрделі-құрама атауларды білесің?	*біз көптеген шығыс ғұламаларының еңбектері мен қазақ жеріндегі ақындар мен жазушылардың шығармаларын мысал ретінде келтіре аламыз.* *Араб графикасы нормалары 19 ғасырдың аяғына таман сөйлеу тілінің ықпалына ұшырап, халық тілінің элементтері жүйелі сипат ала бастады.* *Ескі жазбадағы қазақ тілінің маңызы сол кездегі қоғам үшін едәуір зор болды. Ол халықтың материалдық және рухани әлемінің қалыптасуына әсер еткен тілдік құрал болып саналды. Араб графикасы өте күрделі болды, себебі тілдік жүйеде көпшілік біле бермейтін араб, парсы, түркі сөздері бар. Осының нәтижесінде оның емле жүйесін игеру қиындыққа соқты. Жалпыхалықтық игілікке айнала алмады.* Күрделі сөздерді қатыстыра отырып, шағын мәтін жазады (3 -4 сөйлем) Берілген жалқы есімдерді құрылымына қарай топтастырып, кестені толтырады. «Шығу парағын» толтырып, кері байланыс жасайды.	Дескриптор Білім алушы *-мәтіннің әр бөлігінен маңызды ақпараттарды іріктейді ;* *-мәтін мазмұнын сақтайды;* *-аннотация жазады ;* *-жалқы есімдерді қолданады.* Медальон арқылы бағалау 	Оқулық 8-сынып «Атамұра» баспасы 2018жыл https://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1570680

Біріккен сөздер	Тіркесті сөздер	Қысқарған сөздер
Үлгі: Майлықожа, Бетпақдала, Барсакелмес, Төртқара,	Шыңғыс төре, Қыз Жібек, Қарғабойлы Қазтуған, Қаракерей Қабанбай, Қарауыл Қанай шешен, Балуан Шолақ	БҚО, БҰҰ, АҚШ, ЕҚЫҰ, ЭЫДҰ.

Бөлім:	**1-бөлім:** **КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ**	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты:	Халбаева Д.М.	
Күні:	10.09.2026	
Сынып: 8В	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Көне түркі ескерткіштердің зерттелуі	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Т/А. 8.1.3.1 - тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау; ӘТН. 8.4.1.1 - тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу.	
Сабақтың мақсаты	Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтай алады. Тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жаза алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басталуы 5 минут	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. «Бір минут» Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатымен таныстыру; **Ой шақыру** ✓ Көне түркі ескерткіштеріне қандай жазбалар жатады? ✓ Неліктен көне түркі ескерткіштері деп аталады? **Тыңдалым мәтіні** Мәтінді мұқият тыңдаңдар. *Орталық Азияны және Оңтүстік Сібірді мекендеген түркі тілдес ру-тайпалар бірігіп, VI ғасырдың орта шенінде Түрік қағанаты мемлекетін құрғаны тарихтан белгілі. Осы қағанаттың құрамына енген тайпалық одақтар бір кездерде өз елі мен жерінің бостандығы, тәуелсіздігі үшін жойқын соғыстарды басынан кешті. Ұрпаққа өнеге болар атақты Күлтегін, Тоныкөк, Білге, Бумын қағандар әрі тарихи, әрі әдеби дастан жырлардың кейіпкерлеріне айналды. Ардақты есімдерді ел жадында сақтау үшін, сол заманның данагөй білімдарлары ер есімдерін өркениеттің белгісі болып табылатын түркілік сына жазуымен тас бетіне түсірді.* *Түркі тайпаларынан қалған бұл ескерткіштер көне дәуірдің қоғамдық мәдени әрі әдеби тұрмыс-салт өмірлерінен хабар беретін жәдігер қазына ретінде бүгінгі күні барлық түркі тектес халықтарға ортақ*	«Бір минут» жаттығуына өз еркімен шыққан оқушы еш дайындықсыз бір минут бойы **«Көне түркі ескерткіштері»** тақырыбына бұрыннан білетін ақпараттары жайында тоқтамастан шешен тілмен сөйлеуі тиіс. Осылай үш оқушыны шығаруға болады. Сұрақтарға жауап береді.	**Ауызша мадақтау арқылы бағалау** *Жарайсың!* *Тамаша!* *Керемет!*   	Оқулық 8-сынып «Мектеп» баспасы 2018жыл ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР ҚОРЖЫНЫНАН ЕСБОСЫН НАҒИША ҚОЖАҚҚЫЗЫ

<table>
<tr>
<td rowspan="4">Сабақтың ортасы
35 минут</td>
<td>мұраға айналды. Түркі даласының бар сырын бойына сіңірген таңбалы тастар сан ғасырларды аттап, еш өзгерместен бүгінге жетіп отыр.
Болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдырылған көне түркілік жазба ескерткіштер кең байтақ Қазақстанның барлық аймақтарынан табылып, ескерткіштер саны жыл санап өсіп жатыр. Осы көне көз жәдігерлерге үлкен сезіммен қарап, оның ішкі мазмұны мен сырын ұғыну қазақ халқының негізгі міндеттерінің бірі.
А. Берілген сөйлемдердің астарлы мағынасын анықтаңдар
<table><tr><td>Сөйлемдер</td><td>Бұл нені аңғартады?</td></tr><tr><td>Осы қағанаттың құрамына енген тайпалық одақтар бір кездерде өз елі мен жерінің бостандығы, тәуелсіздігі үшін жойқын соғыстарды басынан кешті</td><td></td></tr><tr><td>Осы көне көз жәдігерлерге үлкен сезіммен қарап, оның ішкі мазмұны мен сырын ұғыну қазақ халқының негізгі міндеттерінің бірі.</td><td></td></tr></table>Тілдік бағдар
Тіркесті жалқы есімдер
Екі не одан да көп есім сөз тіркесіп келіп, бір ұғымды білдіретін күрделі есімдерді тіркесті жалқы есімдер деп аталады.
Мысалы: Баба Омар әулие, Бабатүкті шашты Әзиз, Таяу Шығыс, Күн астындағы Күнікей қыз.
1-тапсырма (оқулықтан)
Б. Мәтінді оқыңдар. Көне түрі ескерткіштерін зерттеген қазақ және шетел ғалымдарын Т кестесіне орналастырыңдар.
<table><tr><td>Қазақ ғалымдары</td><td>Шетел ғалымдары</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table></td>
<td>Берілген сөйлемдердің астарлы мағынасын анықтайды.

Тіркесті жалқы есімдерге қатысты тілдік бағдар алады.

Шетел ғалымдары:
Н.К.Видзен, С.У. Ремезов, И.Т. Страленберг, Д.Г. Мессершмид, Н.М. Ядринцев, В.В. Радлов, Вильгельм Томсен</td>
<td>Дескриптор
Білім алушы
-мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтайды,
-берілген сұраққа жауап береді,
-астарлы мағынаны анықтайды
-мағынасын түсіндіреді.

Жетон арқылы бағалау

</td>
<td></td>
</tr>
</table>

	Мәтіннен тіркесті жалқы есімдерді теріп жазыңдар. **Үлгі:** *Орыс географиялық қоғамы, Шығыс Сібір бөлімі, Дания корольдік Ғылым академиясы,* **2-тапсырма (оқулықтан)** Сөйлемдердегі жалқы есімдерді теріп жазып, емлесін түсіндіріңдер. Оларға дыбыстық талдау жасаңдар. **3-тапсырма.** **Қорытындылау** «Аквариум» әдісі Берілген сөз тіркестерін қатыстыра отырып, «Түркі ескерткіштері – жазу мәдениетінің негізі» тақырыбында пікірлесіңдер. Сөз тіркестері: *Көне түркі ескерткіштері, құпия жазу, руна жазуы, құлпытас, түркі халықтары, үлкен тастағы жазу.* 	**2-тапсырма** Үлгі: Батыс Еуропа - бірнеше созден тіркесіп, бір ұғымды білдіреді Б- дауыссыз, ұяң А – дауысты, жуан, ашық, езулік. Т – дауыссыз, қатаң Ы – дауысты жуан, қысаң. езулік С – дауыссыз, қатаң Е – дауысты жіңішке, езулік Р – дауыссыз, үнді У – дауыссыз, үнді О- дауысты, жуан, еріндік П – дауыссыз, қатаң «Аквариум» әдісі «Аквариум әдісі» - балаларға мәселені «қоғам алдында» талқылауға ұсынғандағы диалог формасы. Шағын топ белгілі бір мәселе бойынша диалогті жүргізуге кімге сеніп тапсыруға болатынын таңдайды. Кейде тілек білдірушілер бірнеше болуы мүмкін. Қалған барлық оқушылар көрермен рөлін атқарады. Сондықтан да мұны «аквариум» деп атайды	Дескриптор Білім алушы *-пікір алмасады,* *-тірек сөздерді қолданады,* *-өз ойын толық жеткізеді.*	
Сабақтың соңы 5 минут	Үйге тапсырма: 5-тапсырма **Рефлексия** «V» - мұғалім сұрады, бірақ жауабым дұрыс болмады. «W» - мұғалім сұрады, жауабым дұрыс болды. «| » - өз еркімен шықтым, бірақ жауап дұрыс болмады. «+» - өз еркімен шықтым, жауабым дұрыс болды. «0» - жауап бергем жоқ.	Мұғалім ұсынған стикерге шартты белгілер арқылы оқушылар өздерінің белсенділігі мен сабақтағы әрекетін бағалайды.		